

Жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сарапанатын тарифті белгілеу туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 15 шілдедегі № 2107 шешімі . Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 шілдеде № 4685 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19 бабына сәйкес, сонымен қатар ақша қаражатының көлеңкелі айналымын болдырмау және салықтар мен міндепті төлемдер түріндегі ақша қаражаттарының түсімін ұлғайту, жолаушылар тарапынан қалалық қоғамдық көлігінде қолма-қол ақшасыз жолақысын төлеу әдісінің тартымдылығын арттыру мақсатында, Тараз қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тараз қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сарапанатын тариф келесі мөлшерде белгіленсін:

жол ақысын электрондық жол жүзу картасы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде барлық жолаушылар үшін – 85 (сексен бес) теңге, мектеп оқушыларына (1-11 сынып) – 40 (қырық) теңге;

жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде барлық жолаушылар үшін – 130 (жуз отыз) теңге, мектеп оқушыларына (1-11 сынып) – 65 (алпыс бес) теңге;

Ескерту. 1 - тармаққа өзгерістер енгізілді – Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 20.04.2021 № 1547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолауши көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны Тараз қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 3) осы қаулыдан туындастырылғанда да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. "Тарифті белгілеу туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 469 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3474 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 30 маусымында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары К. Сарытайға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тараз қаласының әкімі

A. Карабалаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Тараз қалалық

мәслихатының хатшысы

_____ Б. Құлекеев

"___" 2020 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК